

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІң, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІң ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

№ 128 (9190)

1953 ЖЫЛҒЫ

28 июнь

Жексенбі

Жеке саны 20 тыйын.
Шығуына 34 жыл

АКТИВ—КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ТІРЕГІ

Совет кәсіподақтары қоғамдық бұқаралық ұйым болып табылады. Миллиондаған активтер — жұмысшылар мен қызметшілер совет кәсіподақтарының жұмысына белсене қатысады. Олар социалистік жарыс ұйымдастырады, еңбектің станхановтық әдістерін таратуда көмектеседі, еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық қажеттерін өтеуге қажеттілік жасайды. Активтер қоғамдық талсырманы коллективтің көрсеткен сенімі деп бағалап, кәсіподақ ұйымының жұмысын жақсартуда инициатива көрсетеді. Міне, мұның өзі совет кәсіподақтарына Коммунистік партияның жауапты іс жүктейтінінің және зор сенім білдіретіндігінің айқын сыйпаттамасы болып табылады.

Кәсіподақтар — коммунизм мектебі. Өйткені, ол өз мүшелерін советтік патриотизм, еңбекке және қоғамдық социалистік меншікке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелейді.

Міне, осындай күрделі міндеттерді жүзеге асыру күресінде советтік кәсіподақтар өздерінің күнбе-күнгі жұмысында активке сүйеніп отырады. Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымыздың кәсіпорындары мен мекемелерінде өз жұмысын көзгінен активтерге сүйеніп жүргізу арқылы шаруашылықтың барлық саласында көрнекті табыстарға ие болған кәсіподақ ұйымдары аз емес. Олардың қатарына шағын двигателдер зауытының заводтық комитетін (председателі Давыдов жолдас), ет комбинатының фабрика-завод комитетін (председателі Хрячков жолдас) қосауға болады. Бұл ұйымдар активке сүйене отырып, бүкіл коллектив арасында өндірістік жоспарларды орындау және асыра орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, еңбектің озат әдістерін көпшілік игілігіне айналдыруға, сөйтіп, кәсіпорындарының барлық көрсеткіштер бойынша жақсы нәтижелерге ие болуына жетісіп келеді.

Аталған кәсіпорындарының заводтық комитеттері жыл сайын есеп беру-сайлау жыйналысынан кейін кәсіподақ активімен арнаулы кеңестер, семинарлар өткізіп отырады. Мұның өзі кәсіподақ ұйымын

ұйымы өзінің алдында тұрған міндеттерді шешу ісінде аса көп қиыншылықтарға кездеспейтіні тұжырымдама көрініс жүр.

Солдай бола тұрса да, көптеген заводтық комитеттер өз активтерін тәрбиелеу, оларды алда тұрған міндеттерді шешу күресіне жұмылдыруға елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді. Мұндай кемшіліктер көп реттерде заводтық комитет басшыларының берілген талсырманы орындауын бақыламауынан, ал, кейде кәсіподақ активінің бірқатарына тіпті талсырма бермеуінен туады. Осының салдарынан активист өзінің жауапкершілігіне немқұрайды қарау, талсырылған істің кезінде орындауына көңіл аудармауы сыяқты зиянды әдеттің шеберінде қалып қояды.

Мысалға электр өнеркәсібі министрлігі зауытының цех комитеттерінің жұмысын алайық. Заводтық комитет (председателі Щеглов жолдас) цехтар, учасоктер, бригадалар арасында социалистік жарыс шарттары жасалғанмен ол шарттардың орындау барысының өте-мөте нашар болып отырғанын жақсы біледі. Мәселен, бірінші цехта (кәсіподақтардың цех комитетінің председателі Захарова жолдас) әрбір жұмысшы өзінің күнделікті көрсеткішін біліп отырады. Бұл — әрине, кәсіподақ активтерінің жұмысшылардың социалистік жарысының орындау қорытындыларын шығаруға, өршіліктерді ашып, жетістіктерді насихаттауға белсене қатысуының нәтижесі. Бірақ, көршілес цехта (цех комитетінің председателі Закирова жолдас) істің жайы мүлде басқаша. Мұнда әрбір жұмысшының нормасын орындау қорытындылары күн сайын шығарылмайды. Кәсіподақ активі олардың арасында бұқаралық-түсінік жұмыстарын нәрменді жүргізбейді. Осындай жағдайды біле-тұра заводтық комитет өзінің активін істе кездескен кемшіліктерді жою күресіне жұмылдырмады. Мұны активтен қол үзгендік деп бағалау керек.

Еңбектің озат әдістерін көпшілік игілігіне айналдыру ісінде кәсіподақ ұйымдары шешуші роль атқарады. Кәсіподақ активтерінің кездесулері, әңгімелер өткізу, көрмелер ұйымдастыру, озат тәжірибені

Жемшөп дайындау қарқынын еселеп арттырайық!

Берік жемшөп қорын жасау жолында

Быйыл Сталин атындағы колхозда (Соколов ауданы) қолда бар шөп машиналары мен басқа да шөп шабуға және жыйнауға қажетті құрал-саймандар түгелдей жұмысқа қосылды. Шөп шабушы машинистер тәжірибелі адамдардан іріктеліп алынды. Олардың өнімді жұмыс істеуі толық қамтамасыз етілді. Алғашқы күннен бастап-ақ машинистер арасындағы социалистік жарыс кеңінен өрістетілді. Осының нәтижесінде көздің өзінде колхозда шөп шабу жөніндегі жоспардың 25 проценттен астамы орындалды.

Шөп шабуға В. Бедренец жолдас станхановтық еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп келеді. Ол тракторға тіркелген шөп машинасында жұмыс істейді. Оның агрегатында 4 машина бар. Агрегаттың күндік нормасы — 20 гектар. В. Бедренец жолдас мұның орнына әр сменада 30—35 гектар жердің шөбін шауып, норманы үнемі 150—175 проценттен орындайды.

Колхозда шөп шабу, оны жыйнау және маяға салудың арасында ешқандай алшақтық жоқ. Шабылған шөп жемінен кейін-ақ жыйналып, маяға салынады.

Бұл күндері колхоз пішеншілері ақтөбеліктердің қоғамдық мал шаруашылығы үшін біржарымжылдық жемшөп қорын жасау жөніндегі республикамыздың барлық еңбекшілеріне, арнаған үндеуіне жауап ретінде жемшөп дайындауда жұмыстың қарқынын арттырып, сапасын жақсарту түсуде.

А. ПОПКОВ.

БРИГАДА ПІШЕНШІЛЕРІНІң ТАБЫСЫ

«Бостандық» ауылшаруашылық артелі (Приешім ауданы) № 1 бригадасының пішеншілері ақтөбеліктердің үндеуін қызу қостап, қоғамдық мал шаруашылығы үшін құнарлы жемшөптің кем дегенде біржарым жылдық қорын жасау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Осы мақсатпен олар қолда бар барлық күш-мүмкіншіліктерді жемшөп дайындау

Облыс кәсіподақ ұйымдарының активтері, жұмысшылар мен қызметшілер арасында бұқаралық-түсінік жұмыстарын пәрменді жүргізу және социалистік жарысты кеңінен өрістетуге арқылы бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау күресін күшейте түсейік!

Совет кәсіподақтары — коммунизм мектебі.

СӨЗ КӨП, ІС АЗ

Облысымыздың басқа колхоздарындағы сыяқты «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында да көкөрай шалғын көп, шөп қалың. Тоғайлардың алқаптары, көл жиектері, жазық дала, дөңестер үсті көкбо-яқтайып, теңіше толқыйды. Быйылғы шөп шығымының қалыңдығы сондай, колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малын біржарым жылдық жемшөп қорымен толық қамтамасыз етуге болады. Тек ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің өскен саяси белсенділігін, олардың қоғамдық малды құнарлы жемшөппен қамтамасыз етуге ұмтылған тілектері мен қажырлы еңбектерінің жемшөп дайындау қарқынын мерзімінен бұрын аяқтауға жұмылдыра білу, социалистік жарысты шын мағынасында ұйымдастыру нәтижесінде шөп шабудың қарқынын еселеп арттыру қажет.

Ал, жоғарыда аталған колхозда жемшөп дайындаудың барысы қалай? Бұл әр-төл — аудандағы ірі колхоздардың бірі. Бірақ, бүгінгі күнге дейін артельде шөп шабу жұмысы мейлінше қанағаттанғысыз болып отыр. Еңбек тәртібін сақтау ісі нашар.

Колхоз бойынша 6878 гектар жердің шөбі шабылуы керек, бірақ, центнер есебімен қанша шөп дайындалуы керек екенін колхоз басшылары анықтан айта алмайды. Колхоз есепшісі К. Бектасов 10 мың, бірінші бригаданың бригадирі Қ. Ахметжанов 50 мың центнер десе, колхоз председателі Нақымов жолдас «бізде мал көп, сондықтан қысқа мерек жемшөптің мөлшері 70 мың центнерден асып жығылар. Бірақ, анығын айта алмаймын, есімде жоқ» дейді.

Біз колхоздың Қарағаш бригадасына келдік. Колхоз кеңесі мен жетіжылдық мектеп маңайы, үш көшенің бойы қатар түзең, топтанысып қыдырысқан, велосипедпен және арбалы, салт ерсілі-қарсылы көше кезген колхозшылар мен бригадирлерді, тракторшыларды көрдік. Көшеде жүргендердің көпшілігі шөп шабуға бармайтын адамдар. Біреуі ауданға, екіншісі қалаға,

былғанын білмеймін, оны есепші бала білуге тиіс, — деп жауап қайтарады.

Бригадир — колхоз өндірісінде жұмыс істеп жүрген колхозшылардың жұмысына тікелей басшылық ететін, бригададағы адамдардың жоспарды орындауына, оған бекітіліп берілген көлік пен құрал-саймаңға тікелей жауапты адам. Бірақ, Байжанов жолдас өзіне жүктелген міндетке немқұрайды қарайды, бригада қанша шөп шабуға тиіс, шөп шабуды қанша орындайтындығын анық білмейді, өйткені, ол жұмыс басында сирек болып, көбінесе, ауылда жүреді.

Колхозда, әсіресе, осы Байжанов жолдас бригадир болып істейтін бригадада шөп маялау жұмысы нашар. Маялауға бөлінген Нұртай Баймұқанов, Оразбай Бейсенбаев, Қайырбек Мұстафин, Күлбәріші Ыбрайымова, Бикамал Ешкеева, Мұхтарима Әшімова жолдастар көзін басқа жұмыстарда жүр.

Аздап шабылған шөптің өзін жыйнау, маялау мейлінше жылдам жүргізілуде. Бұл жұмысты дала бригадаларының бригадирлері біріне-бірі сілтеп, шабылған шөптің құрғауына немесе жауын астында қалып шіруіне тікелей себепкер болып отыр.

Шөп шабуға бөлінген трактор отрядының да жұмысы нашар. Мұнда тракторшылардың атқаратын жұмысына бақылау қойылмаған. Олардың жарыста алған міндеттемелерін қалай орындап жүргендігі тексерілген емес, трактор отрядының жұмысымен, оның сапасымен колхоз, ауылдық Совет басшылары, партия ұйымы шындап шұғылданбайды.

Партия мүшесі, тракторшы Н. Қапаров дизель тракторының магнитін ұрлатып алдым деген сылтаумен өзі магнитті ағаш арасына көміп кеткен. Сөйтіп, шөп шабуды шаңқай түсте тоқтатып қойған. Бұл сорақылық партия ұйымының, колхозшылардың сынына түскен жоқ.

Колхоз үгітшілері 20 дан астам. Бірақ,

Халықтық демократия елдерінде

Қытай еңбекшілеріне камқорлық

ПЕКИН. (СОТА). Қытай баспасөзі елде халық өкмет орындары жүзеге асырып отырған тұрғын үйлердің үлкен құрылысы туралы жазады.

Жуырда Шанхайда 4 мың пәтерлік тұрғын үйлер құрылысы аяқталған және үстіміздегі жылдың жазында мемлекеттік кәсіпорындарының жұмысшылары үшін 16 мың пәтерлік жаңа тұрғын үйлер салынады. Хабарда Шанхайдың әрбір жұмысшы ауданында балалар алаңдары, медициналық пункттер және емханалар, кооперативтер, моншалар, бастауыш мектептер мен балалар яслилерінің ашылатындығы айтылған.

Уханьда 30 мыңнан астам жұмысшылардың семьялары жаңадан салынған пәтер үйлер алды. Жұмысшы кварталдарында клубтар, оқу үйлері және бақшалар бар.

Мукденде жалпы көлемі 100 мың шаршыметрлік тұрғын үйлер салынып бітеді. Жұмысшы қаласында емхана, әйелдер босанатын үй, балалар бақшасы, яслилер, бастауыш және орта мектептер, универмаг, театр және клуб болады. Мұнымен бірге, парк жасалынып, спорт алаңы жабдықталады. Жұмысшы қаласының құрылысы аяқталғаннан кейін Мукдендегі мемлекеттік кәсіпорындарының 80 мың жұмысшылары мен қызметкерлері осындағы үйлерге орналастырылады.

Халықтың сатып алу мүмкіншілігінің артуы

ВАРШАВА. Польша баспасөзінің хабарына қарағанда, үстіміздегі жылдың алғашқы айларында, ет, есімдік және мал майы, сүт, жұмыртқа, шарап, ер және әйел көйлектері, сыртқы киімдер, радио қабылдағыштар және басқа өнімдер халыққа өткен жылдың алғашқы айларымен салыстырғанда, артық сатылған. Өнеркәсіп товарларының село еңбекшілеріне сатылу мөлшері де ұлғайған.

Халықтың сатып алу мүмкіншіліктері өскендіктен сауда орындары едәуір көбейген. Мәселен, Варшавада үстіміз-

С О В Е Т Қ У Р Ы Л Ы С Ы

Советтердің тұрақты комиссиялары

Жергілікті Советтердің соңғы сайлауынан кейін облысымызда 612 тұрақты комиссиялар ұйымдастырылды. Олардың құрамында 2 мыңнан астам депутаттар бар. Тұрақты комиссиялар жергілікті Советтердің шаруашылық және мәдени құрылымына басшылығын жақсарту, еңбекшілерді совет жұмысына көптеп қатыстыру және зор роль атқара алды. Олардың міндеті облыста, ауданда, ауыл-селода жоғарғы партия, совет орындарының директиваларын, сондай-ақ өз Советінің қаулы-қарарларын жүзеге асыруда Советтерге көмектесу болып табылады.

Тұрақты комиссиялар Советтердің тапсыруы бойынша және өздерінің инициативаларымен колхоздардың, совхоздардың, кәсіпорындарының, мектептер мен денсаулық мекемелерінің, сауда ұйымдарының жұмыстарының жайын тексеріп, олардың мемлекеттік жоспарларды орындауына бақылау жасап отырады.

Облысымызда өздерінің міндеттерін ойдағыдай орындап келе жатқан тұрақты комиссиялар көптеп саналады. Мәселен, Кривоозер селолық Советінің жанындағы (Петропавл ауданы) ауылшаруашылық жұмыстары жөніндегі тұрақты комиссия егіс бригадалары мен мал фермаларының жұмысы жөніндегі мәселелермен үнемі шұғылданып келеді. Комиссия (председателі Айбасов жолдас) мүшелері көктемгі егіс кезінде Сталин атындағы № 2 дала бригадасының жұмысын тексеріп, бұл жөнінде селолық Советтің сессиясында мәселе қарау туралы ұсыныс жасады. Советтің кезекті сессиясында бригадир Долгих жолдастың баяндамасы және Айбасов жолдастың қосымша баяндамасы тыңдалып, бригаданың жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгіленген қаулы қабылданды. Мұнан кейін комиссия мүшелері сессияның қаулысын жүзеге асыру жөнінде ұйымдастыру жұмыстарын

жүргізді. Осының нәтижесінде Сталин атындағы колхоздың № 2 егіс бригадасы көктемгі дала жұмыстарын үлгілі аяқтады. Преснов ауданындағы Благовещанка селолық Советінің тұрақты комиссиялары да өздерінің жұмыстарын жоспарлы жүргізеді. Мұнда ауылшаруашылық жұмыстары жөніндегі комиссияның инициативасы бойынша Советтің сессиясында көктемгі егіс кезіндегі ұйымдастыру жұмыстарының шаралары туралы мәселе талқыланды. Бюджет-финанс комиссиясы Советке 1953 жылдың жергілікті бюджетінің орындалуын ұйымдастыру жөнінде зор көмек көрсетуде. Мәдени-ағарту жұмыстары жөніндегі комиссияның басшылығымен колхоздың көркемөнерпаздар үйірмесі, Советтің оқу үйі бригадалар мен мал фермаларында мәдени-бұқаралық жұмыстарды мазмұнды ұйымдастырып келеді.

Біздің елімізде шаруашылығымыз бен мәдениетімізді әркендету мақсатына бағытталған жеке адамдар мен қоғам ұйымдарының бағалы инициативалары арқашан қолдау тауып, көпшіліктің игілігіне айналдырылып келеді. Бұл жөнінде облысымыздың өмірінен көптеген мысалдар келтіруге болады. Ленин ауданындағы Александровка селолық Советінің мәдени-ағарту жұмыстары жөніндегі тұрақты комиссияның мүшелері мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жөнінде жергілікті мүмкіншіліктерді терең зерттеп, бұл жөнінде нақтылы шаралар белгіленді. Селолық Советтің сессиясына арнаулы мәселе қойды. Селолық Советтің сессиясы тұрақты комиссияның инициативасын қызу қолдап, мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жөнінде қаулы алды. Сөйтіп, Александровка селолық Советінің депутаттары мен активтері бұл жөнінде облыстың бүкіл еңбекшілеріне үндеу жазды. Облысымыздың еңбекшілері

арасынан Александровкалықтардың шақыруы қызу қолдау тапты. Қазір барлық жерлерде мектептерді жаңа оқу жылына уақытылы әзірлеу жөніндегі социалистік жарыс қызу түсуде.

Алайда, бірқатар жерлерде тұрақты комиссиялардың жұмысы бүгінгі күннің әскерлен талпынуына сай ұйымдастырылмай отыр. Советтердің атқомдері тұрақты комиссиялардың жұмысын жақсарту ісімен жете шұғылданады. Осының салдарынан Октябрь, Совет, Пришм аудандарындағы жергілікті Советтердің тұрақты комиссиялары еңбекшілер арасында ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстарды өрістетуге жөнінде мардымды ештеңе істей алмай отыр. Алайда, бұл аудандардың аудандық Совет атқомдерінің председателдері Мусин, Жигулина және Қоспанов жолдастар тұрақты комиссиялардың жұмысын жақсарту ісін ұмыт қалдырып келеді. Бұл тұрақты комиссиялардың ролін жете бағалау болып табылады.

Жергілікті Советтердің атқару комитеттері тұрақты комиссияларға жұмысты ұйымдастыру жөнінде нақтылы басшылық жасап, кеңес беріп отыруға тиіс. Осылай болған күнде ғана тұрақты комиссиялардың жұмысы өз дәрежесінде бола алады.

Облысымыздың ауылдық, селолық, поселкелік Советтері республикалық социалистік жарысқа ұштасып, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы және мәдениетті онан әрі өркендетуде жаңа табыстарға жету жөнінде ұлғайтылған міндеттемелер алды. Тұрақты комиссиялардың барлық жұмысы ауылдық, селолық Советтердің социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерін орындау мақсатына бағытталуы қажет.

В. СЕМИДОЦНИХ,

Облыстық Советі атқомі председателінің жанындағы кадр жөніндегі сектордың менгерушісі.

Атқомнің бір мәжлісі және оның қаулысы

Аудандық Совет атқомінің председателі Живулина жолдастың кабинеті иін тірескен адамдарға лық толы. Бұлар кезекті мәжліске шақырылғандар. Шөп шабу науқанының барысы туралы колхоз председателдері баяндама, атқомнің жауапты қызметкерлері қосымша баяндама жасағандығы отыр.

Ауданда шөп науқанының басталғанына айға жуық уақыт өтті. Алайда, бірде-бір бескүндіктің графигі орындалмауы кімді болса да қатты қынжылтты. Осылай болғандықтан атқом мәжлісі істің жайын терең талдан, шөп шабу науқанында орын алған елеулі кемшіліктері жою және

шаруашылық бөлімінің менгерушісі Малеткин, оның бас агрономы Бутенко жолдастар аталған ауылшаруашылық артельдерінің председателдері «техника, көлік және адам күшін толық пайдаланбайды, жұмысты ақсатты, олқылыққа ұшыратты, өпкен жылғыдай жемшөпсіз қалғалы отырмыз... бұлардан талап ету керек, бұлар қамтамасыз етілсін, олай болмаса, жауапқа тартыласың» деген сияқты сөздерді тізбегінен басқа мардымды ештеңе айтпады.


Маңызды мәселені талқылау осылай үстірт аяқталды. Баяндамашылардың және қосымша баяндама жасаушылардың немерсе атқом мүшелерінің бірде-бірі шөп

дікте қоса орындайтын болсын».

Атқом мүшелері осындай ешкімді ештеңеге міндеттемейтін, формальді түрде жазылған қаулының жобасын талғаусыз қабылдап, бекітті. Міне, бірнеше сағатқа созылған мәжліс осымен аяқталды.

Қаулы енді қайтып жарыққа шықпастай болып, атқом секретары Есенғұлова жолдастың столындағы көп қағаздардың арасынан жылы орын тапты.

Оқушы жолдастар қаулы архивте жатып қалғанмен аудандық атқомнің, оның ауылшаруашылық бөлімінің қызметкерлері колхоздарға барып, жұмыстың жайын жақсарту жөнінде практикалық көмек көр-



Ленин ауданындағы Еңбек орта мектебін быйыл 25 оқушы бітіріп шықты. Олардың барлығы Москваның, Ленинградтың, Алматының, Томскінің және басқа қалалардың жоғары дәрежелі оқу орындарына оқуға бармақ. СҮРЕТТЕ: Еңбек орта мектебін үздік бітіріп шыққан оқушылардың бір тобы (солдан оңға қарай) Нұрқамыс Ережелов, Божен Тәсімов, Қуанышбай Бимақанов және Баяқмет Майғарин.

Копухов ауданында

ЭЛЕКТРОСТАНЦИЯ САЛЫНЫП ЖАТЫР

Қарақоға селосында электр станциясы салынып жатыр. Құрылысшылардың арасында социалистік жарыс кеңінен өрістетіліп, еңбек өнімділігі күн санап арта түсуде. Электр қуаты аудандық мекемелер мен пәтер үйлерді, рентген кабинетін қамтытын болады.

КОЛХОЗ КЛУБЫ

Құйбышев атындағы іріленген ауылшаруашылық артель клубының құрылыс жұмыстары аяқталып келеді. Клубта 250 кісілік орын, оқу үйі жұмыс істейтін болады. Сол сияқты, «Красная крепость», Мичурин атындағы, «Путь Ильича» және басқа колхоздарда да клуб салу жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

ЖАҢА АГРЕГАТ

«Керамик» кәсіпшілік артельі кірпіш құю жұмыстарын механикаландыруда, Артель жуырда кірпіш құятын агрегат алып, оны жұмысқа қосты. Агрегат смена сайын 7-8 мың кірпіш шығарады.

9 БӨЛТІРІК ҰСТАДЫ

Г. Масиенко жолдас 9 бөлтірік ұстап алды. Бөлтіріктердің терісін аудандық шинкізат дайындау мекемесіне тапсырды.

МАЛ ҚОРАЛАРЫН САЛУ

«Путь Ильича» колхозында қоғамдық мал басы быйыл өткен жылғыдан едәуір арттырылмақ. Колхоз осы жылы бірнеше мал қораларын салуды жоспарлаған болатын. Жақында 100 бас ірі қара мал сыятын қора салынып бітті. Қора жанынан жел двигателі орнатылды. Қазір 400 бас қойға қора салынып жатыр.

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Қарақоға теміржол станциясының коллективі теміржолшылар күнін еңбектегі жаңа табыстармен қарсы алу үшін күресуде. Станция теміржолшылары өткен айда вагонға жүктіеу, жүкті түсіру жоспарын 200 проценттен асыра орындады.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТАР

Аудандық мекемелер үшін бірнеше жаңа үйлер салынууда. Аудандық байланыс мекемесінің бірнеше бөлмелі кеңсе үйі аяқталып, мекеме жаңа үйге орналасты. Мемлекеттік банк үйін салу жұмысы да қызу жүріп жатыр.

Б. ЖАҚЫПОВ,

«Ленин туының» өз тілшісі.

Кітапхана кадрлары

Облыстық кітапхананың жанында аудандық, селолық, ауылдық кітапханалар қызметкерлерін даярлайтын арнаулы күрс бар. Бұл күрсты үстіміздегі жылы 12 адам бітіріп шықты. Олардың ішінен Наушәріпов, Монахов, Петрова және Саливанова жолдастар күрсты үздік бағалармен бітірді.

Күрстың программасына СОКП XIX съезінің материалдары, каталог пен

қорды ұйымдастыру, кітап оқушылармен жұмыс істеу әдістері және басқа тақырыптар енгізілді. Курс тыңдаушылары практика уақыттарында өз беттерімен оқу залында жұмыс істеп, көрмелер ұйымдастырды.

Күрсты бітіргендер аудандық, селолық, ауылдық кітапханаларға қызметке жіберілді.

Е. ПУТИНЦЕВА.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 26 июнь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі 26 июнде мынаны хабарлады:

Өткен күні халық әскерлері жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді. Дұшпан бір полктей әскердің күшімен бірнеше дүркін атақалар жасады. Халық армиясының бөлімдері дұшпанның барлық атақаларын тойтарып тастады.

Кеше түнде американ самолеттері тағы да елдің селолық аудандарын айуандықпен бөлбалауға ұшыратты.

Бүгін жау самолеттерін атқыштар дұшпанның екі самолетін атып түсіріп, 2 самолетін зияндады.

«Кореядағы соғыс тоқтатылсын!»

Лондондағы митинг

ЛОНДОН, 26 июнь. (СОТА). 26 июнь күні кешке Гайд-паркте (Лондонның орталық бөлегі) Кореядағы соғыстың ұшжылдығына байланысты митингі болды. «Кореядағы соғыс тоқтатылсын!» деген ұранмен өткен митингінің бейбітшілікті қорғаудың ағылшын комитеті және бейбітшілікті жақтаушы бұрынғы әскери қызметкерлердің қозғалысымен бірлесі отырып, ұлттық әйелдер ассамблеясы ұйымдастырды.

Сөйлеген шешендердің ішінде «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты Моника Фелтон, парламенттің бұрынғы мүшесі лейборист Платтс-Миллс, бейбітшілікті қорғаудың Лондон Советінің председателі Дж. Сэнди, Кореядағы ағылшын солдаттарының аналары мен әйелдері және Англияның ветерандары болды.

Барлық сөйлеушілер Кореядағы бітім туралы келіссөздерді болдыртпай тастап, бұрынғы соғыс тұтқындарын өзінің армиясына кіруге зорлап көндіргісі келіп, отырған Ли Син Маньның әрекетін сөкті. Кейбір шешендер американдарды бітім туралы келіссөздерді бүлдіруге Ли Син Манды айдап салып отыр деп айыптады.

Митингіге қатысушылар Кореяда бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін көп күш-жігер жұмсауға өздерінің даяр екендіктерін білдірді.

КОРЕЙ ХАЛҚЫНЫҢ АГРЕССОРЛАРҒА ҚАРСЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ ҰШЖЫЛДЫҒЫ

Пхеньяндағы мәжліс

ПХЕНЬЯН, 24 июнь. (СОТА). Бүгін Пхеньянда корей халқының агрессорларға қарсы, американ-ағылшын интервенттері және лисынманшыларға қарсы күресінің ұшжылдығына арналған мәжлісі болды. Мәжліске Ким Ду Бон, Пак Ден Ай, Цой Ен Геи және Еңбек партиясы мен Корей Халық-Демократиялық Республикасы үкметінің басқа басшылары қатысты. Корей Халық армиясының Бас саяси басқармасының бастығы Пой Чон Хек баяндама жаса-

